

Рухани тағылым туған жерден тараған.

Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының оқу залы бөлімінде Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында «Рухани тағылым туған жерден тараған» атты тұрақты кітап көрмесі ашылды...

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар : Рухани жаңғыру» атты мақаласына сәйкес ұлтымыздың болашақ азаматтарын рухы биік, адамгершілігі мол, білімді, білікті, жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде қалыптастыру - кітапханашылардың да басты міндеті. Осы орайда біздің Торғай жері қашаннан дарындарға бай өлке. Қасиетті де киелі жерден көптеген ақын, жазушылар, атақты қоғам қайраткерлері шыққанын біз тарихтан білеміз. Сол барымызды, асылымызды жарқыратып жарыққа шығаратын кез келген сияқты. Сондықтан да, атаулы мақала аясында биыл, яғни 2018 жылдың басында біздің оқу залы бөлімінде «Рухани тағылым туған жерден тараған» атты тақырыпта көлемді жылдық көрме ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты: Ол біріншіден, Елбасы мақаласын басшылыққа алу. Екіншіден, осы 2018 жылғы Торғай тумаларының мерейтой иелерінің әдеби мұраларын насихаттау. Үшіншіден, осы әдеби тұлғалардың туған жер жайлы жазғандарын ашып көрсету. Төртіншіден, көрмеге көз тартарлық көрік, сыртқы сымбат арқылы оқырман назарын аударту.



Көрме де төрт бөлімнен, төрт торғайлық тұлғаларға арналды, олар: Бірінші бөлім – «Ұлттың ұлы ұстазы» А.Байтұрсынов – 145 жыл. Екінші бөлім - «Торғай түлеткен талант» – Ақан Нұрманов – 85 жыл. Үшінші бөлім - «Баллада жазудың шебері»-Қ.Жармағанбетов – 100 жыл. Төртінші бөлім - «Дүлділ жырдың дүбірі» – Ғафу Қайырбеков – 90 жыл. Көрменің бірінші бөлімі Ахмет Байтұрсыновтың 145 жылдығына арналды. Ол 1873 жылы Торғайда туған. Бұл бөлім Ахмет Байтұрсынұлының ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы баршасы осы ұлы істі орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет жасаудағы барлық өмір жолы айтылған.

Екінші бөлімі жерлес жазушы Ақан Нұрмановтың 85 жылдығына арналды. «Торғай түлеткен талант» атты бұл көрмеде Ақан Нұрмановтың өмірі мен шығармашылығын айтатын материалдар жинақталды. Сонымен қатар, қазақ әдебиетінің таңдаулы 100 романының қатарына енген «Құланның ажалы» романының бірнеше басылымы және орыс тіліндегі «Гибель Кулана» романдары қойылды. Бұл көрме жазушыға арналған «Жұлдыздай аққан жазушы» атты әдеби қонақжай төрінен де табылды.

Үшінші бөлім - көрнекті ақын, прозашы, сықақшы, аудармашы қоғам қайраткері Қайнекей Жармағанбетовтың 100 жылдығына арналған. «Баллада жазудың шебері» деп аталған көрмеге Қайнекейдің барлық шығармалары, ол жайындаға зерттеу материалдары жинақталған. Ақын ағамыз қазақ әдебиеті тарихында баллада жанрын жетілдіріп, дамытып, орнықтыруға қосқан қомақты үлесі ұшан теңіз. Көрменің дәйексөзі ретінде Қайнекейдің туған жері туралы айтқан, туған жерге деген шын сүйіспеншілігі сезілген сөздері таңдап алынғанын айту керек.

Төртінші бөлім - Қазақстанның халық жазушысы Ғафу Қайырбековтің 90 жылдығына арналды. «Дүбірлі жырдың дүлдүлі» атты бұл бөлімге оның көптеген кітаптарымен қоса бұрын жарияланбаған көркем очерктері, ол туралы жалпы естеліктер, газет-журнал материалдары жинақталған. Көрменің көрікті жерінен орын алған мына дәйексөз Ғафу ақынның ақ ниеті іспеттес.

«Туған жер, алтын бесік, асыл анам,

Ауаңмен, ақ сүтіңмен асырағын,

Мен-дағы ұлың едім өзің тектес,

Алысқа несібесі шашырағын». – Ғафу ақын киелі Торғай топырағынан нәр алған асыл азамат десек, туған жеріне деген махаббатын әр өлең жолдарынан аңғару қиын емес.

Қорыта айтқанда, көрменің тағы бір ерекшелігі, төрт бөлімнің де дәйексөздері төрт автордың өз туған жеріне, өскен ортасына арнап жазған өлеңдерінен алынып жазылған. Келіңіздер, оқырман, туған жер таланттарымен танысыңыздар!